

"Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қызылорда және Қостанай облыстарының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 17 маусымдағы N 983

"Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қызылорда және Қостанай облыстарының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 17 маусымдағы N 3550 Жарлығын U973550_ атқару үшін және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 23-24, 507-күжат) 10-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мыналардың:

1) Ақтөбе облысы бойынша:

таратылған Әйтеке би ауданының Ақкөл, Аралтоғай, Қайрақты,

Қызылжұлдыз селолық округтерінің аумақтары қосылып Әйтеке би (бұрынғы Бөгеткөл) ауданының;

таратылған Ақтөбе ауданының Маржанбұлақ селолық округінің аумағы қосылып Алға ауданының;

таратылған Ақтөбе ауданының Желтау селолық округінің аумағы қосылып Қарғалы ауданының;

таратылған Ақтөбе ауданының Березов, Родников селолық округтерінің аумақтары қосылып Мартүк ауданының;

таратылған Мұғаджар ауданының аумағы қосылып Мұғалжар (бұрынғы Октябрь) ауданының;

таратылған Әйтеке би ауданының Бөгетсай, Тасөткел селолық округтерінің аумақтары қосылып Хромтау ауданының;

шегіне, таратылған Ақтөбе ауданының Благодарный, Қарғалы, Қурайлы, Новый селолық округтерінің аумақтары қосылып Ақтөбе қаласының;

2) Батыс Қазақстан облысы бойынша:

таратылған Приураль ауданының аумағы қосылып Зеленов ауданының;

таратылған Жалпақтал ауданының аумағы қосылып Казталов ауданының;

3) Қостанай облысы бойынша:

таратылған Амантоғай ауданының аумағы қосылып Амангелді

ауданының;

таратылған Октябрь ауданының аумағы қосылып Қарасу ауданының;

4) Қызылорда облысы бойынша:

таратылған Сырдария ауданының Айдарлы, Бесарық, Қоғалыкөл ауылдық округтерінің, Ленин ауылдық округінің Амангелді селосының аумақтары қосылып Тереңөзек ауданының;

таратылған Сырдария ауданының Сұлутөбе, Тартоғай ауылдық округтерінің аумақтары қосылып Шиелі ауданының шекаралары өзгертілсін.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Әділет министрлігімен бірлесіп бір ай мерзім ішінде "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы Заңына таратылған әкімшілік-аумақтық бірліктердің халқы үшін көзделген жеңілдіктерді сақтау бөлігінде өзгерістер енгізу туралы Заңның жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

3. Қызылорда облысының әкімі белгіленген тәртіппен "Қызылорда арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 8 қазандағы N 3123 Жарлығымен U963123_ бекітілген Қызылорда арнайы экономикалық аймағы туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныс енгізісін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі